Газет 1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады



# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

№5 (1299)
мамыр
2001жыл

## Тәуелсіздік тірегі – тәрбиелі ұл-қыз

ГҮЛДӘУРЕН



Тәуелсіздігіміздің бүгіні үлкен тойға, мерейлі мерекеге айналуда. Көңілге медеу етер мемлекет көлемінде жеткен жетістіктеріміз де баршылық. Енді еліміздің осы бағыт-бағдарынан танбай алға баса беруі, бір себептен бүгінгі жас өскіннің болмыс-бітіміне байланысты екені анық. Өйткені, тәуелсіздіктің бір тірегі - жастар. Жастар болғанда, ата дәстүріне адал, тәлім-тәрбие көрген гүл әрім бойжеткен, балауса бозбала. Дәл осы талап-тілекке лайық ұлттық рухтағы ұл-қыздарымыздың қатары көбеймей, "тәуелсіздік туы берік қолда" деп берік сеніммен айту қиындау тимек.

*Мамыр айының 4-і мен 16-сы күндері ҚазМУ-дің студенттері арасында өткізілген "Қыз сыны" және "Жігіт сұлтаны" байқау-сайыстарының түпкі мақсат-мүддесі міне, осынау тілек-ниеттен туындаған еді. Байқау-сайысты ұйымдастырған университеттің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер бөлімі ұжымы мен Студенттер клубының мүшелері ойға алған жұмысты орындауда табандылық һәм шеберлік таныта білді.* Себебі, мұндай байқау-сайыс ҚазМУ факультеттері арасында алғаш рет өткізіліп отырған болатын. Өзгесінен бұрын, байқауды ұйымдастыру жұмыстары барысында жастардың бойындағы енжарлық қасиеттері де едәуір кедергі келтірді. Осы тұрғыда оқу орнындағы оннан астам факультеттің арасынан сұрылып шығып сайысқа қатысқан алты жігіт қандай мақтауға да лайық. Өнерлерін былай қойғанда, тек белсенділік танытқаны үшін ғана алтауының қай-қайсысына да "сұлтандық" атақты қиналмай-ақ қиюға болар еді. Оның үстіне осы алты жігіттің екеуі мехматтан екен. Мұның өзі көп жайттан хабар берсе керек. Қысқасы, "сұлтандар" дайындауда, тәрбиелеуде мехматтың мойны озық.

Сайыстың бес түрі бойынша өнер көрсеткен алты жігіт көрермендер ықыласына армансыз бөленді. Рас, "Жігіт сұлтанында" көрермендер қарасы аса көңіл тоғайтарлық болмады. Мұның бәрі аталмыш шараның алғаш рет өткізілуінен деп санадық. Мәселе санда емес, сапада деп көңіл жұбаттық іштей. "Сан" дегеннен шығады, өнерпаздық жағынан аруларымыз бен сұлтандарымыз деңгейлес түсіп жатса да, сандық көрсеткіш жағынан екі арада едәуір айырмашылықтар байқалды (мехматтың әсері болар, жігіттер сайысында есептік жүйеге көбірек көңіліміз ауып кетті).

"Қыз сыны" байқауына 11 ару қатысып, оларға сегіз әділқазы төрелік етті. Арулар өнерін бағалауға ақын И.Сапарбай, әнші Г.Қаспақова, "Мың бір мақал" ойынының жүргізушісі, актер Р.Омаров, "Мақпал" сән орталығының директоры Б.Әбділманова, Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Ж.Сәкенов секілді қонақтар қатынасып бір есептен бұл есімдердің де көрермендердің жиналуына ықпалын тигізгені сөзсіз. Ал, әуелгіде мамырдың 11-не белгіленіп, одан 16-сына жылжытылып, ақыр аяғында Студенттер сарайында емес, мехматтың акт залында (тағы да мехмат!) өткізілген "Жігіт сұлтаны" сайысына қазылық еткен бесеудің бірі ғана "сырттан" келген қонақ - "Асар" республикалық жастар газетінің директоры А.Сафуллин болды.



Байқау қорытындысында жүлдегерлер құрамы былайша сараланды. Қыздар тобынан Г.Бабаева - Сыпайы ару, И.Ахметжанова - Кербез ару, А.Әділханова - Ибалы ару, Н.Бимағамбетова - Балбармақ ару, Г.Қыдырбаева - Сымбатты ару, Б.Байнатова - Сұңғақ ару, Г.Баянбаева - Ізденімпаз ару деген атақтармен марапатталып, жігіттерден Б.Оспановқа - Сері жігіт, Ү.Қуатбековке - Сырбаз жігіт деген атақтар беріліп, мақтау қағаздары табыс етілді.

"Қыз сынының" Бас жүлдесін - Р.Рахметова (журфак, 3-курс), 1-орынды - С.Шандыбаева (ЭҚИ, 2-курс), 2-орынды - К.Арықбаева (геофак, 2-курс), 3-орынды - С.Сулейменова (ФжСФ, 3-курс) иеленді.

"Жігіт сұлтаны" сайысында Бас жүлде - Қ.Бағашаров (ХҚФ, 2-курс), 1-орын - Қ.Әуесбайұлы (журфак, 2-курс), 2-орын - М.Бақабаев (мехмат, 1-курс), 3-орын - А.Иманбаев (мехмат, 1-курс) секілді студенттерге берілді.

Ойын-сауық кешінің бір қызығы - кешті жүргізуші қызымызға "жол апатына ұшырап, кешігіп жатыр" дегізіп кідіріңкіреп жеткен Райханның сайыстың Бас жүлдесін кібіртіктемей қағып түскендігі болды. Оданда қызығы, Бас жүлденің иегерлері - Райхан мен Құдайберді екі сайыстың жеңімпазы ғана емес, бір мектептен тәлім алған сыныптас та болып шықты. Қос жүлдегер Алматыдағы N2 қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын дарынды балалар мектебінде қатар оқыпты.

Кеш соңында сөз алған Исрайл ағамыз бұл күнді "Арулар күні" десе де жарасарын айтып өтіп, өнерпаз арулардың әрқайсысына Республика сарайында өтетін шығармашылық кешінің билеттерін тегін таратты. Бәзила апамыз да көңіліне ұнаған қыздарына қолынан келген сый-сияпаттарын тарту етті. Жұманәлі, Рахман секілді ағалар ақ жол тілеп, ағалық ақ тілектерін арнады. Ақын ағамыз толқыса толқыған-дай-ақ, бұл екі күнде де өнерпаз қыз-жігіттердің өнерлерін тамашалаушылардың көңіл төрінде тек Жастық, Шаттық, Сұлулық тәріздес ізгі ұғымдар ғана салтанат құрды.

*Сәндібек Жұбаниязов*

▪ ПРЕЗЕНТАЦИЯ.

## Эпоха Pizzы, или Pizza как продукт политических отношений

*Pizza*, как известно, является итальянским изобретением и в оригинале представляет собой несложное блюдо, в которое входит тесто, мясо, сыр, различные специи и добавки. Свое триумфальное шествие, или экспансию (в зависимости от политических или кулинарных установок), *Pizza* начала примерно с конца XIX века, когда сие блюдо перешло границы Италии и начало появляться на кухнях Стокгольма, в кафе Сан-Франциско и ресторанах Буэнос-Айреса. Данное явление объясняется эмиграцией потомков Микеланджело и их постепенным оседанием в форме замкнутых этнокультурных общин и диаспор. Главнейшую роль в распространении *Pizzы* на планете сыграла американская массовая культура, благодаря которой XX век стал веком *Pizzы*, MTV и Internetа.

На постсоветском пространстве *Pizza* стала широко известной и потребляемой только в 90-х годах XX века. Этот феномен стал следствием сугубо политических факторов, а именно "железного занавеса", за который *Pizza*, наряду с Pink Floyd, Голосом Америки и всей западной культурой, переступить не смогла вплоть до крушения "Империи Зла". Но если в условиях СССР некоторые умудрялись подпольно читать Солженицына, слушать "The Doors" и вкушать прочие плоды демократии, то вкусить *Pizzy* удалось единицам, т.к. в условиях развитого и дефицитного социализма ее приготовление в оригинале приравнивалось к подготовке запуска ракеты класса "Энергия".

Почему же *Pizza* и сегодня является лакомым кусочком для большей части землян? Ответ скрыт внутри данного продукта. Наряду с гастрономической неповторимостью и вкусом, у *Pizzы* есть ряд непищевых "изюминок". *Pizza* на современном этапе стала одним из характерных атрибутов таких понятий, как Свобода, Молодость и Стильность. Человек, вкушающий *Pizzy* сегодня, не просто потребитель, а Поэт Поколения Next.

**Наверное, поэтому на фоне дебатов о развертывании в США амбициозной системы ПРО и выхода в музыкальное пространство очередного шедевра ДЕЦЛа – клипа "Письмо", жизнь планеты ознаменовалась появлением в газете "Қазақ университеті" собственной страницы факультета философии и политологии *"Pizza.kz"*, которая наверняка станет достойной своего культового названия, т.к. рождается она в наиболее благоприятной для этого среде – атмосфере Студенчества. Да не запалят Вашу шпаргалку на сессии! Аминь…**

**Нусимбеков Тимур,**
*студент 1 курса ФФиП*
*(читайте на 7 стр.)*

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

Сәуірдің 24-жұлдызында өткен Ғылыми кеңесте ректор К.Н.Нәрібаев "әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның құрылымын бекіту жөніндегі мәселеге тоқталды. Мәжілісте академик Я.А.Әубәкіровке "ҚазМУ-дің құрметті кафедра меңгерушісі" атағы берілді. Ғалым-ұстаз бұған дейін өзі басқарып келген "Экономикалық теория" кафедрасының меңгерушісі қызметін үлгілі шәкірті, өзі тәрбиелеген экономика ғылымдарының докторы Б.Байжұмаевқа тапсырған болатын. Сондай-ақ, мәжіліс барысында проректор Л.С.Ахметованың, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөнідегі проректордың орынбасары Г.Сәрсенбекованың, журналистика факультетінің деканы Н.Омашевтың, докторантура және аспирантура бөлімінің меңгерушісі Д.Асанованың хабарламалары тыңдалды.

## РЕКТОРАТ

Мамырдың 8-күнгі Ректорат мәжілісінде университет ректоры, профессор К.Н.Нәрібаев оқу орнында болып өткен каржылық-шаруашылық қызметті тексеру қорытындылары жөнінде хабарлама жасады. Бұдан кейін проректор Е.Б.Жатқанбаевтың Ректораттың 2001-2002 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту жөнінде және халықаралық қатынастар факультеті деканының орынбасары Г.А.Мовкебаеваның Еуропалық құжаттар орталығының жұмысы жөнінде баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ, студенттер клубының директоры С.Қалиев мәдени-көпшілік шараларын өткізу мәселелеріне тоқталып, "Қазақ университеті" газетінің бас редакторы міндетін атқарушы Б.Әшірбаев Ректораттың 09.11.1999 жылғы "Қазақ университеті" газеті редакция алқасының қызметі және міндеттері" туралы Қаулысының орындалу барысы және редакция алқасының 2001-2002 оқу жылындағы жұмысы жөнінде хабарлама жасады.

БҮГІНГІ САНДА:



СЕМИНАР СВОБОДНОЙ ПРЕССЫ — 3-СТР.



ӘРІ КӨРШІ, ӘРІ ТУЫС ИРАН ЕЛІ — 4-БЕТ



Бақ пен бап сыналар сәт — 6-БЕТ



СМЕХ- ЭТО ЖИЗНЬ ДЛЯ ВСЕХ — 7-СТР.

# ПРАВОВАЯ СТУДЕНЧЕСКАЯ ОЛИМПИАДА

■ *ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ*

26-27 апреля 2001 года в КазГУ проводилась IY Республиканская студенческая олимпиада по юридическим наукам. Олимпиада была посвящена 10-летию государственной независимости Республики Казахстан и проводилась традиционно в стенах КазГУ имени аль-Фараби, флагмана высших учебных заведений Республики Казахстан.

Первая правовая студенческая олимпиада была проведена в КазГУ в апреле 1998 года, в год 60-летия юридического образования в Республике Казахстан. Ее организаторами были доценты Ибраева А.С., Ушурова С.Р. Участниками первой олимпиады были 9 юридических вузов Казахстана. Лучшей командой 1998 года стала команда студентов-юристов КазГУ.

В нынешней IY Республиканской студенческой олимпиаде по юридическим наукам принимали участие представители 20 вузов со всей республики. Это студенты ИЭП КазГУ имени аль-Фараби, КазГЮА, ВШП "Адилет", КазАТИСО, Казахского института правоведения и международных отношений (КИПМО), Академии МВД Республики Казахстан, Казахского института экономики и права, Павлодарского университета, Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати, Евразийского государственного университета имени Л. Гумилева, Гуманитарного университета имени Д.А. Кунаева, Карагандинского института актуального образования "Болашак", Международного казахско-турецкого университета имени Х.-А. Яссауи, Академии права и рынка (МАПР), Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауэзова, Восточно-Казахстанского современного гуманитарного университета.

Правовая олимпиада, проводимая КазГУ имени аль-Фараби, стала самым высоким и авторитетным смотром, на котором определяются лучшие будущие юристы Республики Казахстан.

Цель олимпиады – выявить юристов, способных вывести правовую науку на передовые позиции, и способствовать расцвету Республики Казахстан как правового демократического государства, а также объединить усилия юридических вузов в деле воспитания юристов новой генерации.

Олимпиада проводилась в три тура: первый тур – письменный – по предметам: теория государства и права, конституционное право и административное право; второй тур – устный – по уголовному и гражданскому праву; третий тур – устный – по уголовно-процессуальному и гражданско-процессуальному праву.

По результатам олимпиады определены лучшая команда студентов-юристов Республики Казахстан и лучший студент-юрист Республики Казахстан. Организаторы олимпиады: директор ИЭП КазГУ, проф. Бектурганов А.Е., зам. директора, доцент Смагулова Ш.А., доцент Хаджиев А.Х., доцент Ибраева А.С., а также молодые преподаватели Сманова А.Б., Ахатов У., Қаратаева А.

*В командном зачете первое место в четвертый раз заняла команда студентов КазГУ имени аль-Фараби. Лучшим студентом-юристом Казахстана 2001 года был признан студент 3 курса КазГУ Надиров Э. Для справки: лучшим студентом-юристом Казахстана в 1999 году была студентка КазГУ Степанян Гаяне, в 2000 году – студент КазГУ Жамиев Алмат.*

Команда студентов-юристов КазГУ выступила в следующем составе: Надиров Э., Кумекбаев Б., Нургожаев Г., Карпачев А., Сафина А., Умарова С. Все они студенты 3 курса казахского и русского отделений ИЭП КазГУ. Руководителем команды была преподаватель кафедры уголовно-процессуального права Гришина С.

Накануне олимпиады преподавателями были проведены консультации по всем предметам, выносимым на олимпиаду. Следует отметить работу преподавателей, участвовавших в подготовке студентов. Это Изтлеуова А. (гражданский процесс), Маликова Ш. (уголовное право), Гришина С. (уголовный процесс), Назаркулова Л. (теория государства и права), Мусаханова Н. (гражданское право), Балатаев К. (конституционное право), Жатканбаева А. (административное право).

Организаторами олимпиады были определены следующие номинации для награждения:

Лучший руководитель команды;

За волю к победе (награждается команда);

За активность и целеустремленность (награждается команда);

За лучший ответ на государственном языке;

За лучший ответ по предмету.

Олимпиада вызвала большой интерес во всей республике. Информация о проведении олимпиады публиковалась в газетах "Заң", "Юридическая газета".

Бектурганов А.Е., директор ИЭП КазГУ, профессор
Ибраева А.С., зав. кафедрой, доцент

■ *ЧЕТВЕРТАЯ ВЛАСТЬ*



## СЕМИНАР СВОБОДНОЙ ПРЕССЫ

Факультет журналистики КазГУ, кафедра ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазГУ им. аль-Фараби при содействии Представительства ЮНЕСКО в Казахстане провели 3 мая 2001 г. научно-практический семинар "СМИ Казахстана: свобода доступа к информации", посвященный Всемирному дню свободной прессы.

Во всем мире 3 мая является датой для информирования общества о нарушениях свободы выражения и днем памяти журналистов, погибших или осужденных за свою профессиональную деятельность.

3 мая – день действий по развитию инициатив в свете свободы прессы;

- день освещения дебатов профессионалов вокруг свободы прессы и профессиональной этики;
- день памяти журналистов, погибших ради служения своей профессии;
- день поддержки СМИ, испытывающих давление, ограничение свободы прессы.

Свобода прессы – печатной и электронной – одна из главных составляющих демократического общества, главный компонент социального и экономического развития.

В семинаре приняли участие представители ЮНЕСКО в Казахстане, пресс-атташе посольств в Республике Казахстан, ведущие журналисты, президенты телерадиокомпаний, главные редакторы газет и журналов, исследователи средств массовой коммуникации, директора агентств, информационных центров Казахстана.

На семинаре обсуждались следующие вопросы:

- Миссия СМИ: обеспечение информированности граждан и информационной безопасности общества;
- Доступ к информации: проблемы и перспективы;
- Журналист и информация: правовые и профессиональные проблемы.

*Оргкомитет*
*Кафедра ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазГУ им. аль-Фараби*

■ *ВЫСТАВКИ И КОНФЕРЕНЦИИ*

## ОБРАЗОВАНИЕ И КАРЬЕРА - 2001

***24-27 апреля 2001 года в выставочном комплексе «Атакент» прошла 2-ая Казахстанская международная выставка "Образование и карьера - 2001". В ней приняли участие 48 организаций: это государственные и негосударственные университеты, институты, колледжи, образовательные фонды, профессионально-технические школы и др.***

Настоящее мероприятие призвано продемонстрировать достигнутый за 10 лет независимости Казахстана уровень системы образования и перспективные пути его развития в свете программной речи Главы государства Назарбаева Н.А. на Съезде работников образования и науки Республики Казахстан 2 февраля 2001 года.

Главная задача выставки – оказание помощи выпускникам школ в правильном выборе будущей профессии посредством презентаций учебных заведений, востребованных специальностей, необходимых для экономического роста страны.

Выставку посетили министр образования и науки Республики Казахстан Бектурганов Н., аким города Алматы Храпунов В., писатели Айтматов Ч., Шаханов М. и другие государственные и общественные деятели, представители образования, науки, искусства.

КазГУ имени аль-Фараби представляли сотрудники отдела информационного обеспечения и международных программ, издательства «Қазақ университеті» и студенты всех факультетов. Хочется отметить активность и грамотность студентов факультета журналистики А. Оразалиновой, Н. Подкорытовой, механико-математического факультета А. Свиридова, С. Апкиной, Е. Кравцова, студентов исторического факультета, а также учащихся лицея и колледжа при КазГУ. Присутствие и представительство студентов наравне с руководителями вузов делало выставку неформальным мероприятием.

Студенты активно агитировали абитуриентов, а с их родителями общались сотрудники отдела.

За период с 24 по 27 апреля выставку посетило более 100 тысяч человек. Около экспозиции университета постоянно находились посетители. Их интересовали имеющиеся факультеты и специальности, условия приема в наш университет, а также условия поступления в магистратуру и аспирантуру.

По результатам проведения выставки дирекцией Атакент-Экспо университету вручена Грамота участника выставки, а ТОО "Кайнар" подарило Золотую книгу "Алматы-2000".

*Сим Н.А., Мынбаева А.,*
*ведущие специалисты отдела информационного обеспечения и международных программ*



■ *СОЦИАЛЬНАЯ ЗАБОТА*

## БЛАГОДАРЯТ ВЕТЕРАНЫ

Есть немало праздников, которые стали традиционными в Казахском государственном университете им. аль-Фараби. Это встреча Нового года, Международный день 8 марта, Наурыз, день рождения университета. Но самый любимый праздник ветеранов – День Победы. Этот праздник дарит ветеранам каждый год руководство университета во главе с его ректором К.Н. Нарибаевым.

Ежегодно 9 мая в университете собираются ветераны войны и труда, им вручается материальная помощь, для них накрывается богатый праздничный стол, с приветственной речью выступает ректор университета, который желает им доброго здоровья, благополучия и долгих-долгих лет жизни.

В зале звучат песни военных лет, их исполняют прекрасные эстрадные артисты, а также наши студенты, их звонкие молодые голоса звучат не хуже голосов маститых деятелей искусства.

Праздник Победы – это праздник общения ветеранов. С каким желанием, с какой радостью они приходят в университет на свой праздник Победы, который им дорог больше всего на свете. Этот праздник для ветеранов готовит весь коллектив университета – преподаватели, студенты и, конечно же, наше руководство.

Большое внимание ветеранам уделяет профком университета "Парасат". Сотрудники социального отдела КазГУ еще задолго до праздника не покладая рук готовили программу праздника, удостоверения "Почетный ветеран КазГУ", поздравительные пригласительные билеты ветеранам, а также встречали их на празднике с цветами.

Такие праздники не только доставляют радость ветеранам, как сказал в своем выступлении председатель общества ветеранов КазГУ Г.Ж. Жуматов, но и продлевают им жизнь.

Ветераны университета искренне благодарят всех тех, кто дарит им этот светлый, радостный праздник Победы! Большое спасибо!

Т.П.Струц

■ *ЗА ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ*

## СПОРТИВНЫЙ ПРАЗДНИК

5 мая на территории КазГУграда спортивным клубом и кафедрой физвоспитания проведен ежегодный традиционный общеуниверситетский легкоатлетический кросс, посвященный 9 мая – Дню Победы. В этом спортивно-массовом мероприятии приняли участие студенты 1-2 курсов всех факультетов университета. Кросс прошел в хорошем эмоциональном настрое. Победители соревнований в беге на 1 км (юноши) и в беге на 500 м (девушки) были награждены призами и грамотами спортивного клуба. На этот праздник были приглашены ветераны войны и труда, сотрудники, преподаватели, аспиранты и студенты старших курсов. Но, к сожалению, последних оказалась очень мало. Всего в кроссе приняли участие 1630 человек.

*Н.П. Таганова,*
*старший преподаватель кафедры физвоспитания*

■ *РУХАНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС*

# ӘРІ КӨРШІ, ӘРІ ТУЫС ИРАН ЕЛІ

## (Иран Ислам Республикасына ҚазМУ делегациясының сапары жөнінде)

Бұл толық табиғи құбылыс және оның негізді себептері де жеткілікті. Ең әуелде Иран көне Тұранның, Түркістанның ең жақын көршісі. Сонау арий және тур, ахемен және сақ дәуірлерінен бері бұл екі өркениет өзара жалғасып, араласып, бірін бірі байытып келеді. Рас, көне ахемен, ортағасырлық Әмір Темір замандарында бұл екі өркениеттің биліктегілерінің ырқына көніп бірін бірі күшпен бағындыруға тырысқаны да бар. Бірақ түптеп келгенде еларалық қатынаста ең ақыры үстемдік алатын билік те емес, өзіне-өзі сұқтанған тәкаппарлық та емес халықтарға құт-береке сыйлайтын ақыл мен парасат екендігін әділ төреші уақыт ылғи да дәлелдеумен келеді.

ҚазМУ-дің ғылыми істер және халықаралық байланыс бойынша проректоры, профессор Фазылхан Байымбетұлы бастаған делегацияның негізгі мақсаты Теһран университетімен екі арадағы тиімді қатынастар жөніндегі келісім-шартқа қол қою, сол негізде таяу мезгілде атқарылмақ жұмыс бағдарын анықтау еді. Бұл мақсат Теһран университетінің канцлері профессор Халили Араги мырзаның біздің елімізге, әл-Фараби атындағы университетке, оның ректоры профессор Көпжасар Нәрібайұлына деген ыстық ықыласы арқасында өз уағында және тиесілі мазмұнда орындалды деп айтуға болады. Екі университеттің өзара негізгі қарым-қатынас принциптері ғана анықталып қойған жоқ, сонымен бірге өзара тиімді шараларды іске асыруды қарастырған үш жылдық жұмыс жоспары да белгіленді.

Енді осы сапар барысында көңілге түйген бірлі-жарым пікір жөнінде газет оқырмандарын да хабардар етелік. Иран еліне алып баратын әуе лайнері осы жұмада ұшып, келесі жұмада кейін қайтады екен. Міне осы күндері қонақта болған біз (яғни делегация жетекшісінен басқа философия және саясаттану факультетінің деканы Шәріпбек Ағабайұлы және осы жолдардың авторы) Теһран қаласы мен университетінен басқа Исфаһан және Кашан қалаларында, осы қалаларда орналасқан университеттерде болып, олардың тыныс-тіршілігімен таныстық. Әрине, алғашқы таныстықтан алатын мәлімет көп жағдайда үстірт болады. Дегенмен, сол үстірт таныстықтың да берер өз сабағы бар.

*Бірден көзге ұратын жағдай Иран елінде жастардың білімге деген құрметі үлкен. Бір ғана мысал. Өткен 2000 жылы мемлекет бойынша 1 млн. 200 мың жас жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарына қатынасып, бақтарын сынаған. Олардың 300 мыңға жуығы оқуға қабылданған. Теһран университетінде қазіргі уақытта 33 мың студент білім алуда.* Оқу үш сатылы: бакалавриат, магистратура және докторантура. Университеттің жетпіс жылдық тарихы бар. Ең көне факультеті заң және саясаттану факультеті екен. Оның тарихы жүз жылдан асып түсетін көрінеді. Университет магистрлер мен ғылым докторларын даярлауда да елде ең негізгі оқу орны болып табылады. Мәселен тек заң және саясаттану факультеттерінде ғана бүгінде бакалавриатта 1200 студент оқиды, ал магистратурада 400-ге жуық, докторантурада 200 адам білімін көтеруде. Оқу күндізгі бөлімде тегін, кешкі бөлімде ақылы. Студенттер стипендия алмайды. Білім алу үшін мемлекет тарапынан жұмсалған қаржыны олар жұмысқа орналасқан соң бірнеше жылда, яғни белгіленген мезгілде қайтаруы керек. Факультеттің жанында 4 ғылыми-зерттеу институттары бар (халықаралық байланыс, жеке құқық, азаматтық құқық, ж.б.).

Университеттің ең алғаш құрылған факультеттерінің бірі әдебиет және гуманитарлық пәндер факультеті екен. Оның 8 бөлімінде (тарих, география, парсы тілі, әдебиет, философия, археология, социология және психология) 3500 студент оқиды, ал магистратурасы мен докторантурасында 800 адам білімін жетілдіреді. Факультеттің жанында бірнеше



Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ,
ҚазМУ-дің тарих
факультетінің деканы,
профессор:
***Еліміз мемлекеттік тәуелсіздік алғалы бері бізбен өзара тиімді және тығыз байланыс жасауға ұмтылыс танытып келе жатқан мемлекеттердің бірі Иран Ислам Республикасы.***

Ғылыми Орталықтар жұмыс жасайды.

Университеттік білімде белгілі бір салада мамандандыру ісіне жете көңіл аударылады. Мәселен, филология бөлімінде парсы және араб тілдеріндегі көркем әдебиетті зерттеу дәстүрі бұрыннан қалыптасып қалған. Сол сияқты Иран тарихын мынадай үш кезеңге бөліп оқыту және зерттеу де көптен бері жолға қойылған: көне, яғни ахамен дәуірі, ислам дәуірі және одан бергі жаңа кезең. Осы үш бағыттың әр қайсысына жылына шамамен бес магистранттан қабылданады. Докторантура саласында да сондай, осы үш сала бойынша жылына он бес адам оқуға алынады. Жалпы тарихты оқытуда Европа, Африка, Қытай, Үндістан, Орталық Азия сияқты жеке тарихи-географиялық аймақтар мен мемлекеттер тарихына басымдылық беріліп, халықаралық байланыс тарихын оқытуда Орта Шығысқа жете көңіл аударылады екен. Яғни гуманитарлық пәндерді оқыту жоспарында Иран мемлекеті мен өркениетінің көне замандардан бергі даму ерекшеліктері мен дәстүрлі байланысы, табиғи мүддесі негізге алынады.

Теһран университеті шетел студенттері мен зерттеушілеріне Иран тарихы мен парсы тілін, ислам философиясы мен құқын оқыту және ғылыми зерттеу ісінде негізгі орталық болып саналады. Университетте шығыс философиясы салыстырмалы түрде оқытылады. Иран философиясы арнайы пән ретінде жоқ, ол мұсылман философиясы құрамында. Гуманитарлық пәндер бойынша, әсіресе тарих саласынан мұнда жапон, қытай, корей, араб, қырғыз және грузин елдерінен студенттер оқиды екен. Өкінішке орай, Қазақстаннан барып оқып жатқан студенттер жоқтың қасында. Ал барлары негізінен әдебиет саласынан, сондай-ақ аспиранттық дәрежеде диссертация даярлап жүргендер болып шықты.

Теһран университетінде болып, Дехкода орталығына назар аудармау мүмкін емес. Бұл университеттегі ғана емес, жалпы елдегі негізгі парсы тілін оқыту және сөздік жасау орталығы. 60 жылдан астам тарихы бар. Оған парсы тілінің түсіндірме сөздігін жасау ісін қолға алып, үлкен еңбек сіңірген филолог-ғалым Дехкода деген кісінің есімі берілген. Бұл кісі 20 жыл бойы 2 млн. парсы сөзін жинап, сөздік жасау ісіне қисапсыз мол үлес қосқан ғалым. Орталықта оның қолынан шыққан қолжазба картотекалар сақтаулы тұр. Солардың негізінде 50 томдық парсы тілінің сөздігі жарық көрген. Қазіргі уақытта бұл еңбектің 15 томдық жаңа басылымы жарық көру үстінде.

“Дехкода” орталығы Теһран университетінің құрамында. Университеттен тыс арнайы бөлінген, ескі, бірақ жарамды ғимараттарға орналасқан. Орталықтың директоры профессор Шахиди елге мәлім, құрметті адам. Онымен қол алысып, жағдай сұрасуды тіпті мемлекет басшысы да өзіне міндет санайды екен. Басқаша айтқанда, Орталықтың жұмысы мемлекеттік мәнге ие. Дехкода халықаралық парсы тілін үйрету орталығы болғандықтан шетелдік студенттер осы арада даярлықтан өтеді екен. Мұнда әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ден жолдама бойынша 52 адам, ал өз бетінше Қазақстаннан 42 адам келіп, даярлықтан өткен.

Орталықтың, әсіресе, сөздік жасау ісінде жиған тәжірибесі мол. Мұнда парсы-ағылшын сияқты басқа да көптеген сөздіктер даярланған. Профессор Шахиди Қазақстанмен бұл салада, егер қолдау болса, жан-жақты байланыстар орнатуға болатындығын айтты. Сөз ретіне қарай орталықтың үлкен мүмкіндігіне көз жеткізу үшін жерлесіміз Махмуд Қашқаридың сөздігін сұраған едім, оның ХХ-ғасыр басындағы бір басылымын табан астында қолыма ұстатты.

Дехкода орталығының жағдайымен таныса отырып, көне парсы тілінің жарқын болашағы бар екендігіне ешқандай шек келтіре алмайсыз. Бағы жанған тіл деп парсы тілін айтса болады.

Теһран университетімен танысқанда кез-келген өзін зиялы санайтын пендеге әсер етпей қоймайтын орын, әрине, Кітапхана және Құжаттар Орталығы. Оның директоры доктор Әли Акбар Енауати бір көрген кісіге нағыз зиялының үлгісіндей әсер қалдырады екен. Кітапхана республика көлемінде ең ірі ғылыми орталықтар санатына жатады екен. Мұнда 2,5 млн. дана кітаптар мен көне қолжазбалар шығарылған. Кітапхана құрамындағы қолжазбалар қорында 40 мың дана қолжазбалар мен көне кітаптар сақталады. Олардың арасында жерлесіміз әл-Фарабидың 25 кітаптан тұратын еңбектері, Шыңғыс хан дәуіріне дейінгі түркі халықтарының энциклопедиясы есебіндегі Рашид-ед дин Фазлуллах Хамаданидың “Жамиғат-ат тауарихының” (XIYғ.) қолжазбасы бар. (Бұл еңбек 1997-1998 ж.ж. парсы тілінде баспадан жарық көрген екен, біздің өтінішіміз бойынша 4 кітаптан тұратын “Жамиғат-ат тауарихты” Бехешти университеті қолымызға ұстатты. Сол үшін де бұл оқу орнына шексіз ризашылығымызды білдіреміз!)

“Дехкода” орталығы Теһран университетінің құрамында. Университеттен тыс арнайы бөлінген, ескі, бірақ жарамды ғимараттарға орналасқан. Орталықтың директоры профессор Шахиди елге мәлім, құрметті адам. Онымен қол алысып, жағдай сұрасуды тіпті мемлекет басшысы да өзіне міндет санайды екен.

Кітапхананың қолжазба қоры Орталық Азия елдері тарихы бойынша аса ірі ғылыми орталықтар санатында екендігі даусыз. Мұнда тиесілі даярлықпен арнайы келіп қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты ізденістер жүргізетін ғалымдар керек-ақ!

Кітапхана құрамында бүгінгі техника және технологиямен жабдықталған, арнайы даярлықтан өткен мамандары бар реставрация бөлімі жұмыс жасайды. Оның жұмысымен бөлім жетекшісі Сейт Ахмад Хаем Мағһама мырза ұзақ таныстырды. Көне жазбаларды қалпына келтіру, жарық көрген басылымдарды сақтау ісіне мұнда аса үлкен көңіл бөлінеді екен. Қызметкерлердің дені қыздардан тұратын бөлім орналасқан бөлме кең, таза, нұрға толы көрінді. Шетте отырған қыз баланың алдындағы арнайы жасалған микроскоптың астында жатқан сарғыш тартқан қағаздағы мәтін ертеректе қағазға түскен “Авестадан” үзінді екен.

*Енді кішкене қорытындыға көшейік. Біз шағын мақаламыздың басында Иран елінде жас ұрпақтың білімге деген ынтасы жақсы екен дедік. Жылына жоғары оқу орындарына үш жүз мыңға жуық студенттер қабылданады. Бұл (65 млн. халқы бар мемлекет үшін) аз емес. Бүгін Қазақстандағы жоғары оқу орындары студенттерінің жалпы көлеміне шамалас. Елде оқу тегін. Ал жеке меншік оқу орындарында ақылы. Мемлекеттік оқу орнында білім алған маман өзіне жұмсалған қаржыны жұмысқа орналасқан соң мемлекетке қайтаруға тиіс. Біздегі несиеге оқыту жүйесі сияқты.* Бірақ Иран еліндегі несие беру көлемі біздегімен салыстырғанда, әрине анағұрлым кең. Яғни мемлекеттің мүмкіндігі бар деген сөз. Жалпы несие беріп оқыту жүйесіне саналы түрде бару басқа да өркениетті елдерде, соның ішінде батыс елдерінде де кең тараған құбылыс. Мемлекет мақсатты түрде, біле отырып жүздеген мың мамандар даярлауға барады. Неге? Біріншіден, бұл қоғамдағы жас ұрпақтың өзі қалаған мамандығын алуға табиғи ұмтылысын белгілі бір дәрежеде қанағаттандыруға ұмтылушылық. Қалыптасу барысында өзінің арманына жете алмаған ұрпақ әлеуметтік жарылысқа бейім өседі. Ал бұл жағдай мемлекет үшін аса қолайсыз, қоғамдық қопарылыстың көзі. Екіншіден, мемлекет жастардың неғұрлым үлкен бөлігіне арнайы білім беруге әрқашанда мүдделі. Өйткені, ол жалпы қоғамға тиімді. Кәсіби білім алған мамандардың барлығы да өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмауы мүмкін. Оны мемлекет жақсы біледі. Соған қарамастан белгілі көлемде жоғары білімді мамандар даярлау шығынына саналы түр барады. Өйткені, жоғары білімді маман қоғамнан өз орнын табады. Қоғам мүшесі алған білімін түптеп келгенде өз отбасының, ошағының, демек жеке отбасынан тұратын қоғамның тұрақтылығы мен берекесіне қолданбай қоймайды. Осындай мақсатты қызметінің нәтижесінде мемлекет жастардың белгілі бір бөлігін жұмыссыздықтан сақтап, олардың ең құбылмалы қалыптасу кезінде есірткі, бұзақылық сияқты қоғамға зиянды дерттерге шалдығудан сақтап қалады. Ал түрлі қоғамдық дерттердің ықпалынан аман-есен өткен, оған қосымша жоғары арнаулы білім алған жас адамның, мәдениетті азаматтың отанына берер пайдасы әр уақытта өнімді болмақ. Ең аз дегенде ол өз отбасына ие, оның берекесі үшін тырысатын болады. Бұл жалпы қоғам үшін үлкен табыс.

Біздің мемлекет болашақта еліміздің білім беру стратегиясын анықтау ісінде басқа елдердің жоғарыда баяндалғандай тәжірибесін ескеруі керек-ақ! Ол білімге деген ынтасы жоғары халқымыздың табиғи талабына мемлекет тарапынан өз уақытында көрсетілген қолдау болмақ.

Біздің делегация Теһраннан басқа Исфаһан және Кашан қалаларында болып, онда орналасқан университеттегі білім беру жүйесімен, студенттердің өмірімен танысты. Сапар барысында бірден көзге түсетін мынадай жағдайды айта кеткен жөн. Бұл қалалар Иранның шөлді, құрғақ климатты аймағына орналасқан. Исфаһанның ортасын бөліп жатқан алып өзеннің арнасы құрғақ, кеуіп жатыр. Соған қарамастан Исфаһан мен Кашаннан гүлдің хош иісі аңқиды. Көңіліңізге еріксіз Хафиз бен Сағдиды жырлаған Иран бағы оралады.

Иран елі жасампаз, еңбекқор ел. Иманды ел. Іргелі, бірнеше мың жылдық дәстүріне сүйеніп, ешкімге еліктемей, ешкімнің де артынан ентіге жүгірмей, XXI ғасырдың көшіне бет бұрып тұр. Дәстүрлі өркениет пен елге лайық үрдіс осындай болса керек!

Қазақстанға Иран Ислам Республикасымен жан-жақты өзара тиімді байланысты өрістету пайдалы. Өйткені біз басым деңгейде шығыс еліміз, яғни мәселеге рухани мәдениет тұрғысынан келген күннің өзінде біздің қоғамда батыс және шығыстық өркениеттер арасындағы табиғи тепе-теңдік (баланс) болуы керек, оған біз саналы түрде ұмтылуға тиіспіз.

# ПРИОРИТЕТЫ современной химии

▪ *ТРАДИЦИИ*

*Химия широко распростирает руки свои на дела человеческие.*
М. Ломоносов

*Химизация в нашей стране в свое время прошла этапы от производства минеральных удобрений, основного органического синтеза, до создания промышленности полимерных материалов. А начиналось все так. В сентябре 1934 года в Казахском государственном университете открылся химический факультет, положивший начало химическому образованию и развитию химической науки в Казахстане.*

*И сегодня наступил день, когда тысячи людей, объединенных увлекательнейшей наукой химией, празднуют 40-летний юбилей "Дня химика". Впервые этот праздник, тогда еще во всесоюзном масштабе, был отпразднован 29 мая 1961 года. Эта дата всегда широко отмечается на химическом факультете КазГУ, так как химфак играет немаловажную роль в химизации страны, и именно здесь готовятся научные кадры для будущего развития химии. Ко "Дню химика" на химическом факультете разработана программа мероприятий. Проводится выставка детского творчества, конкурс икебаны, выставка уникальных фотоснимков, ретро-вечер "Уроки жизни химиков", волейбольный турнир, посвященный памяти члена-корреспондента Академии наук, доктора химических наук, профессора Б.А. Беремжанова, который почти 30 лет руководил кафедрой неорганической химии и факультетом, театральное представление "О цирконии и не только...", встреча выпускников разных лет по кафедрам и многое другое.*

*Химический факультет функционирует уже на протяжении 67 лет, с 1934 года. Первым деканом был академик А.Б. Бектуров. В данный момент деканом химического факультета является доктор химических наук, профессор Абилов Жарылкасын Абдуахитович, который подробно рассказал о данном факультете, а также любезно ответил на заданные мной вопросы.*



- Жарылкасын Абдуахитович, что вы можете рассказать о химическом факультете?

- Химический факультет был организован в 1934 году, в год открытия Казахского государственного университета. Была в то время только одна кафедра – кафедра органической химии, работали на ней всего-навсего 3 кандидата наук. Сейчас на химическом факультете работают 38 докторов и около 150 кандидатов наук, которые ведут научно-исследовательские работы. Кроме того, у нас на факультете существует четыре института – это Центр физико-химических методов анализа, Институт новых химических технологий и материалов, Институт проблем горения и Институт нефтепромысловой химии, где ведутся научные исследования по всем отраслям химической науки. В этих институтах работают наши профессора, которые преподают, и кандидаты наук, которые ведут как научно-исследовательскую, так и педагогическую деятельность. На факультете на семи кафедрах студенты обучаются по 11 специальностям. С прошлого года мы готовим студентов по технологическим специальностям – это химическая технология органических веществ и материалов, химическая технология неорганических веществ, химическая технология лекарственных веществ и химическая технология производства и переработки полимеров. Еще мы готовим специалистов по химической криминалистической и экологической экспертизе. В целом получается, что мы готовим специалистов по трем направлениям: химия, химические технологии и экспертиза. По всем выше названным специальностям мы выиграли тендер в рамках республики, поэтому методический центр находится в КазГУ. Наши преподаватели являются высококвалифицированными педагогами. Профессора и кандидаты наук читают лекции, проводят лабораторные занятия на самом высоком уровне. Кроме того, наши специалисты работают по зарубежным грантам. Мы выиграли, например, грант НАТО, который дал возможность оснастить наши лаборатории приборным оборудованием. Также имеем гранты Международного научно-технического центра и др. Поэтому наш химический факультет является ведущим образовательным, методическим и научным центром республики. Интересное наблюдение: если во всех ВУЗах, которые имеются в Казахстане, посчитать всех докторов и кандидатов химических наук, их количество будет меньше, чем на химическом факультете КазГУ, потому что он является самым престижным образовательно-методическим центром.

- Сколько студентов на сегодняшний день обучается на вашем факультете?

- На факультете обучается около 500 студентов вместе с вечерниками. Все наши студенты к учебе относятся очень серьезно и, кроме того, имеют возможность участвовать в научно-исследовательской работе. На всех кафедрах у нас существуют научно-исследовательские лаборатории и научно-исследовательские кружки.

- Какую роль вы отводите химии в современной науке и какой видите ее завтра?

- Я думаю, в целом естественные науки являются двигателем жизни, потому что без химии, биологии, физики, математики жизнь наверняка остановится. Наш Президент сказал, что республика должна обращать больше внимания на нефтехимию, нефтехимический синтез, и поэтому, я думаю, через 10 лет мы должны будем добывать более 100 000 000 тонн нефти и перерабатывать ее для получения необходимого сырья и новых химических веществ для народного хозяйства. В этом смысле, конечно, химическая наука должна быть одной из передовых наук, которым в республике уделяется особое внимание.



*Д.х.н., зав. кафедрой, профессор А.Г.Сармурзина и д.х.н., профессор Б.А.Беремжанов (1911-1985 г.г.)*

Казахстан является сырьевой базой, мы, добывая нефть, в основном продаем ее в другие страны, в дальнейшем мы должны быть не только сырьевой базой, а должны сами перерабатывать нефть и получать из нее необходимые химические вещества, необходимые материалы и использовать это в нуждах народного хозяйства.

- Какие изменения произошли в химии за годы независимости нашего государства?

- Любая фундаментальная наука не стоит на месте, потому что научная мысль ученых всегда движется вперед, в некоторые годы медленно, в другие – более быстро. И, конечно, химическая наука тоже развивается; хотелось бы, чтобы это происходило более интенсивно, но все зависит от финансового положения в республике, хотя развитие химии, химической промышленности не остается без внимания. Тем не менее получение суверенитета дает нам определенные ориентиры, направления в химической науке, в химическом производстве, и сейчас мы рассматриваем как приоритетные нефтяную отрасль, цветные металлы. Здесь, конечно, достижения достаточно большие: мы сейчас уже сами полностью добываем и очищаем золото – это означает, что мы развиваем химическую отрасль. Но это говорит и о том, что за нас никто ничего делать не будет. Мы сами должны развивать химию, делать все для этого.

- Что вы можете сказать по поводу наступающего "Дня химика"?

- Мы в этом году отмечаем юбилейный "День химика". Когда-то этот праздник был всесоюзным, официальным. И первыми его отметили три вуза – Московский государственный университет, Ленинград-ский государственный университет и Казахский государственный университет. Первый раз мы его отмечали в 1961 году, 29 мая, еще в старом корпусе химфака. И уже в течение 40 лет празднуем его. В нашей стране уже нет официально "Дня химика", но традиции на химическом факультете живут, мы и в этом году отмечаем этот праздник.

Одним из организаторов "Дня химика" в 1961 году была А.Г. Сармурзина, и в этом году она как зав. кафедрой является организатором праздника.



▪ *МНЕНИЕ СПЕЦИАЛИСТА*

***Обратимся снова к истории. Химический факультет всегда отличался успехами в развитии науки, в воспитании научных кадров. В 1973 году на Всесоюзном конкурсе на лучшую организацию научной работы он занял 2 место по СССР.***

***Эта традиция продолжается, растут и крепнут новые молодые ученые, а также их будущие последователи - школьники и студенты. Об итогах проведения "Казахстанских химических дней – 2001, посвященных 10-летию независимости Республики Казахстан", рассказали: старший преподаватель В.В.Хуторянский (председатель по научно-исследовательской работе студентов) и Корулькин Д.Ю. – председатель Совета молодых ученых химического факультета.***

***В.В.Хуторянский,***
***кандидат химических наук:***

- С 23 по 27 апреля мы проводили "Казахстанские химические дни-2001", в рамках которых прошли 3 конференции. Одна – научно-студенческая, другая – конференция молодых ученых и третья – 27 научно-практическая конференция Малой академии наук. Все три конференции были посвящены десятилетию независимости Казахстана.

На студенческой конференции было сделано 123 доклада. Участниками были студенты химического и биологического факультетов КазГУ, а также Казахского национального технологического университета и Казахского государственного педагогического института.

Рабочими языками конференции были казахский и русский. На государственном языке был зачитан 41 доклад. Конференция работала по 8 секциям. В рамках подготовки конференции были выпущены пригласительные билеты. По итогам конференции денежными призами, дипломами и грамотами химического факультета было отмечено 48 докладов.

На 27 научно-практической конференции Малой академии наук, в которой принимали участие школьники из разных городов Казахстана, был сделан 41 доклад. Многие доклады имели научный характер, т.е. школьники уже сейчас проводят какие-то научные исследования.

Д.Ю.Корулькин,
кандидат химических наук:

- В этом году с 23 по 29 апреля на химическом факультете проводилась II Международная научно-практическая конференция молодых ученых. В ней приняли участие 150 человек, что в 1,5 раза больше, чем в прошлом году. Увеличилось число докладов из ближнего и дальнего зарубежья. В числе участников из стран дальнего зарубежья – ученые из Египта, Турции, Китая. Из стран СНГ было 27 докладов, остальные были сделаны нашими казахстанскими учеными. Участие в конкурсе приняли представители из 37 институтов бывшего СССР, в том числе всех институтов г. Алматы.

По результатам конференции все труды были изданы в отдельном номере журнала "Вестник КазГУ", серия химическая, N 2 за 2001 год. Хотелось бы отметить, что в этом году все расходы на проведение конференции были за счет внебюджетных средств, привлеченных советом молодых ученых химического факультета.

***Хочется добавить, что в качестве подарка от КазГУ на химическом факультете был отреставрирован Зал заседаний ученого совета, где уже 15 мая прошло очередное заседание.***

***Ну, а мне остается поздравить всех химиков с профессиональным праздником. Чтобы все ваши реакции протекали удачно!***

*Наталья Подкорытова,*
*студентка I курса факультета журналистики*

*Полоса подготовлена под руководством ст. преп. кафедры издательского дела и редактирования, к.ф.н. М.Г. Мукашевой*

▪ *АБИТУРИЕНТ-2001*



# Бақ пен бап сыналар сәт

**Талапкердің жүрегін лүпілдетіп, жоғарғы оқу орнына құжат тапсыратын мезгіл де таяп қалды. Жыл сайын өзгеретін қабылдау жүйесіндегі биылғы ерекшеліктерді оқырманға жеткізу мақсатымен әл-Фараби атындағы ҚазМУ бойынша қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, филология факультетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Алпысбаев Құнипия Қожахметұлымен тілдескен едік.**

- Абитуриенттерді ЖОО-ға қабылдаудың биылғы ерекшеліктері қандай?

- Білім Министрлігі бекіткен Ереже бойынша біршама өзгерістер баршылық. Жалпы ЖОО-ға қабылдау тәртібі жылдағыдай. Талапкерлер жер-жердегі аймақтық қабылдау комиссияларына таңдаған негізгі мамандығы және қосымша екі мамандықты көрсетуі бойынша құжат тапсырады. Емтиханда жинаған балы негізінде компьютерлік жүйе арқылы конкурсқа қатысады. Егер өзі қалаған негізгі мамандыққа өте алмаса, өтініште көрсетілген екінші мамандыққа бос орындар болған жағдайда конкурсқа түсе алады. Барлық ЖОО-ға құжат қабылдау - 20 маусымнан 15 шілдеге дейін, комплексті тестік емтихандар 26 шілдеден 2 тамызға дейін жүргізіледі. Ал, шығармашылық мамандықтар бойынша құжат қабылдау 20 маусымнан 7 шілдеге дейін, арнайы шығармашылық емтихандар 8 шілдеден 14 шілдеге дейінгі аралықта өтеді.

Жоба бойынша биылғы ең негізгі өзгеріс ол тестің тек бір-ақ рет өткізілуі. Яғни бұрын әрбір ЖОО ақылы топқа талапкерлерді өз бетінше қабылдауға құқы бар болатын. Тиісті бал жинай алмаған талапкерлердің тағы да бағын сынап көруі үшін ЖОО мүмкіндік жасап, бірнеше рет тест қабылдайтын. Биыл оның бәрі жойылып отыр. Яғни тест орталығы бір-ақ рет емтихан өткізеді, тек 40-тан жоғары бал жинаған талапкерлерге ғана сол алған сертификаты бойынша ақылы топқа түсуге мүмкіндік бар. 40 балдан төмен бал жинаған талапкерлер мемлекеттік оқу орындарына қабылданбайды.

**- Басқа оқу орындарымен салыстырғанда ҚазМУ-дің қабылдау немесе оқыту жүйесінде қандай айырмашылықтар бар?**

- Ғылыми-техникалық базасы жағынан өте жақсы қамтылған. Және барлық мамандық бойынша екі түрлі шифрда дайындау белгіленіп отыр. Бұрын тек бір ғана шифр, яғни не арнаулы білім, не бакалавр бойынша маман даярлау мүмкін болатын. Кейбір мамандықтарға биыл бакалавр түрінде де, арнаулы жоғары білім түрінде де мамандар дайындайтын мүмкіндігіміз бар. Оқуға түсем деушілер өз қалауымен таңдаған шифры бойынша мамандықтың кез-келген түрінің бакалавр немесе арнаулы жоғары білім дәрежесіне құжат тапсыруына хұқы бар.

Ал, енді ҚазМУ-ге түсу кез-келген ЖОО-дан ешқандай да ерекшеленбейді. Түскеннен кейінгі оқу жүйесіне келсек, біздегі білім беру сапасы өте жоғары. Өйткені ғылым докторлары, профессор-академиктер, ғылым кандидаттары мен доценттер, Ғылым Академиясының корреспондент мүшелері ең көп қызмет істейтін оқу орны осы біздің ұлттық университет. Базалық жағынан деңгейі биік, барлық факультеттері компьютермен, керекті техникалық құралдармен жабдықталған, кітапханасы бай, негізгі көшбасшы оқу орны болып есептеледі. Мамандармен қамтылуы, білім сапасы, жаңа мамандарды сұрыптау жағынан да жоғары деңгейде. Кез-келген талапкердің ұлттық университетке түсуге мүмкіндігі бар. Грант, кредит алып келсе, кедергісіз қабылданады. Түскеннен кейін сапалы білім беруге университет толық кепілдеме бере алады. Сондықтан осы оқу орнына түсем деушілерге кейін оқи аламын ба, жоқ па деп қауіптенуге негіз жоқ.

**- Құжат тапсыру және қабылдау жұмыстарында қандай қиындықтар кездеседі? Оны шешудің жолдары қарастырылды ма?**

- Негізгі қиындықтар, көбіне, компьютерлік жүйе бойынша бағалау жұмыстарында болады. Оның бәрін тест орталығы жүргізетіндіктен, олар кемшіліктерді өздері қарастырады, жөндейді. Ал, құжат қабылдаудағы қиыншылықтарды біздер көрсетіп береміз. Ретке келтіруді тест орталығы жыл сайын қадағалап отырады. Былтыр құжат қабылдаудағы сондай кемшіліктер ескеріліп, өзгеше жүйе жасалды. Мәселен, бұрын бір ғана техсекретарь факультет бойынша бір немесе екі ғана мамандыққа құжат қабылдайтын. Былтырдан бастап кез-келген техсекретарь кез-келген мамандық бойынша меншікті коды арқылы тіркеп, құжат қабылдай беретін болды. Биыл да басқалай жеңілдіктер енгізілуі мүмкін. Оған әзірге жауап бере алмаймын. Құжат қабылдау алдында тест орталығы арнайы сабақтар жүргізіп, консультация береді. Ол сол кезде мәлім болады.

**- Университетке емтихансыз бірден қабылданатын талапкерлер бола ма? Жетімдерге немесе I, II топтағы мүгедектерге жеңілдіктер бар ма?**

- Кез-келген мамандыққа емтихансыз бірден қабылданатындар жылдағыша Алтын Белгі иегерлері. Егер білім заңына өзгеріс енгізілсе, немесе министрліктің арнайы шешімі болса, Республикалық пән олипиадаларының жеңімпаздары жеңімпаз атанған пәні сәйкес келетін мамандыққа емтихансыз қабылданады. Ал, жетімдер мен I, II топтағы мүгедектерге тиісті құжаттарды алдын-ала өткізген жағдайда тек конкурста ғана жеңілдіктер жасалады. Ақылы топ үшін арнайы жеңілдік қарастырылмаған.

*Әңгімелескен*
*Салтанат Бакеева*

▪ *ТАПҚЫРЛАР ТАРТЫСЫ*

# БӘС ЖЕҢІМПАЗЫ - "Бойтұмар"

***Ұлы жеңіс мерекесі қарсаңында ұтқыр әзіл, ұшқыр ойымен даралanатын дарынды жастарға қолдау көрсету мақсатымен Студенттер сарайында 27 сәуір күні "Бәрекелді" әзілкештер сайысының (БӘС) финалдық бәсекесі болып өтті. Сайысты ұйымдастырған ҚазМУ-дің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімі мен Студенттер клубының ұжымы.***

Аталмыш сауық кешінің ерекшелігі - қазақ тілінде дәріс алатын студенттердің арасында өткізілгендігі болып табылады. Сайыстың бірінші туры "Әлқисса" деп аталып, мұнда әр факультеттің (немесе топтың) әзілкештер тобы мамандықтарына байланысты ешкімге ұқсамайтын жеке қолтаңбаларын байқатып, берілген уақыт (5-10 мин) аралығында өздерін таныстырып өтті. Бұдан кейінгі сайыстың екінші туры "Дода" деп аталынып, әзілкештердің бір тобы екіншісіне ұлы жеңіс тақырыбына сәйкес "Біз қалай осы?.." деген сұрау қойып, отыз секунд ішінде қарама қарсы топ қысқа да нақты жауап қайтаруға тиіс-ті. Мұндай сынақ студент жастың ой ұшқырлығын аңғартып, үлкен тапқырлықты талап етері даусыз. БӘС мүшелері бұл сынақтан да сүрінбей өтуге ұмтылып, ізденімпаздық қасиеттерін байқата білді.

"Аламан" деп аталған сайыстың үшінші турында "Майдангер күнделігі" атты тақырыпта қоғамымыздағы "жетістік" пен "жетіспеушіліктің" арасындағы алшақтықтарды 9 мамыр - Ұлы жеңіс мерекесімен байланыстырып, әсерлі әзіл-қалжыңдармен өрнектеп көрсетуі талап етілді. Жарыс қорытындысында әділқазылар алқасы тарапынан әзілкештер тобының өнеріне, әзілдерінің мазмұнына, әртістік қабілеттеріне, музыкалық сүйемелдеуі мен көріністердің безендірілуі және сұрақ-жауаптардың уақыттан асып кетпеуіне қарай баға берілді. Нәтижесінде "Бойтұмар" командасы жеңімпаз атанды. Екінші орынды "Ерíккен электрондар" командасы, үшінші орынды "Түбір астындағы әзілкештер" командасы иеленді. Сөйтіп ҚазМУ-дің өнерпаз студент жастары 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күніне арналған тамаша әзіл-сықақ толы той-думанды көпшілік қауымға тарту етті.

***Меруерт Төленова***

▪ *СТУДЕНТТЕР КЛУБЫ*



**Университетіміз аясында студент жастардың жақсы істерінің жаршысы болып, өнерлерін өркендетуде өзіндік үлесін қосып келе жатқан - Студенттер клубы. Бүгінгі таңда бұл клуб жастардың патриоттық сезімін оятып, ұлттық салт-дәстүрді бойына сіңіруіне атсалысуда. Рухани азықтың түп-тамыры да осы жерден бастау алады. Осы орайда біз Студенттер клубының директоры Серік Қалиевпен әңгімелескен едік.**

# ӨНЕРЛІГЕ өріс кең

- Студенттер клубы жайлы және онда өткізілетін іс-шаралар жөнінде айтсаңыз.

- Студенттер клубы жалпы университет көлемінде мәдени шараларды қамтитын қоғамдық құрылым. Клуб университеттің мерейін көтеруде, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктетуде абыройлы істер атқарып келеді. Атап айтқанда, қазақ тілінде жүргізілген факультетаралық "Бәрекелді" сайысы, "Студенттер көктемі" фестивалі, "Қыз сыны", ақындар айтысы, жыр мүшайрасын мысалға келтіре кетуге болады. Мерекелік концерттердің барлығы осы клубтың ұйымдастыруымен өтеді.

- Клубта қандай үйірмелер жұмыс істейді?

- Бізде студенттер үшің тегін көркемөнерпаздар үйірмесі, "Фараби сазы" ұлт-аспаптар ансамблі жұмыс істейді, домбыра, эстрада, драма және бірнеше би үйірмелері бар. Студенттердің шығармашылық шарықтауына бұлардың қосар көмегі зор. Осы орайда жеткен жетістіктеріміз толық дәлел бола алады. Сонымен қатар, студенттерімізге музыкалық әрлеу жазып береміз, киімдермен қамтамасыз етеміз.

- Әр кезде жетістіктермен қоса тапшылықтың қосарланып жүретіні белгілі...

- Негізінен, үстіміздегі жылы ректордың тарапынан жаңа аппаратура берілді. Дегенмен, бізде қаражат жағы жеткіліксіз. Енді, келесі жылға ақша бөлеміз деп отыр. Аспаптар да аз. Сонымен қатар, арнайы дайындалатын орындар да аз. Бірақ, аз екен деп қарап отырған жоқпыз, көптеген іс-шараларды шама-шарқымызша жүргізіп келеміз.

- Әңгімеңізге рахмет.

*Әңгімелескен Гүлбаршын Кеңесбаева*

▪ *СПОРТ КЕШЕНІ*

Біздің университетімізде жеке спорт кешені жұмыс істейді. Мұнда студенттер ғана емес, оқытушылар мен қызметкерлер де өздері қалаған спорт түрімен шұғылдана алады.

# Тәні саудың - жаны сау

Кешен құрамында стандартты алаңмен (стадион) қатар екі спорт залы, үш тринажер залы (екеуі - ерлер үшін, біреуі - қыз-келіншектер үшін), теннис залы, арнайы медициналық топ айналысатын шағын зал бар. Барлық залдар қажетті құралдармен жабдықталған. Дене шынықтыру сабақтарында студенттер өз қалаулары бойынша баскетбол, волейбол, бадминтон, бокс, ырғақты гимнастика, атлетикалық гимнастика, күрес сияқты спорт түрлерімен айналысады. Денсаулығында ақауы барлар үшін арнайы медициналық топ, емдік дене шынықтыру тобы, денсаулық топтары ашылған.

Сырттан келгендер мен мектеп оқушылары үшін ақылы топтар жұмысы да жоспарланған. Олар химия факультетінің спорт залында өздері таңдаған спорт түрлерімен өздеріне тиімді уақытта айналыса алады.

Дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен жыл сайын:

- он екі факультет түгел қатысқан факультетаралық спартакиада (спорттың сегіз түрі бойынша 34-рет өткізіліп отыр);

- жатақханада тұратын студенттер арасында спорттың алты түрі бойынша өтетін спартакиада (биыл 17-рет өткізіліп отыр);

- спорттың алты түрі бойынша университеттің факультеттері мен барлық бөлімдері арасында өтетін спартакиада (12-рет өткізіліп отыр) өткізіледі.

Студенттер, оқытушылар, ардагерлер қатысатын Жеңіс күніне арналған кросс, барлық факультет студенттері үшін өткізілетін спорттық бағдарлау (спортивное ориентирование), әр қыс сайын өткізілетін "Қыс мерекесі" ("Праздник зимы") сияқты көпшілікке арналған іс-шаралар да осы кафедраның басқаруымен өтіп тұрады.

Кафедра жұмысы жеміссіз де емес. Қалалық бірінші универсиадада жоғары оқу орындарының арасынан ҚазМУ студенттері баскетбол, ырғақты гимнастика, ауыр атлетика, бадминтон, шағын футбол, шахмат түрлерінен I-орын иеленді. Бокстан КСРО-ның қола медаль иегері Аманбаев Бақытжан, Европа чемпионы Валентин Юнусов, КСРО чемпионы Станислав Смирнов, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов сынды республикамыздың мақтаныш ететін спортшыларын қанаттандырған дене тәрбиесі кафедрасының жеңістері мен биіктері әлі алда екені даусыз.

Кафедра меңгерушісі А.И.Арещенко ұжым жұмысына көңілі толатынын айтып өтті. Бүгінде кафедрада барлығы 39 оқытушы, оның ішінде бір профессор, төрт доцент табысты еңбек етіп келеді. Оқытушылардың барлығы әр түрлі спорт түрлерінен Қазақстан чемпионы болғандар.

В.Агеева, Т.Ломоносова, А.Таранова, Қ.Мәдиев, Е.Семенова, Н.Яковлева, Л. Коваленко сияқты т.б. спорт шеберлері, еңбек сіңірген жаттықтырушы Байқұлбаев Бақыт сынды оқытушылар өз еңбектерімен студенттер, оқытушылар тарапынан алғысқа бөленіп келеді.

*Нәзира Сәрсекова*

▪ *ҚАРА ӨЛЕҢ ҚАҒАНАТЫ*



*Жанар Әбсадық:*

## «Бұрымдылар арасында бөлек бітім, басқа едім»

***

*Қазақ радиосына - 80 жыл!*

Сенің даусың,
Тал бесіктен жаным сүйген балды әуен.
Таусылғанда талшық еттім,
Жарық алдым жаурап ем.
Көне жұрттың кезіп бағзы даласын
Күнмен бірге күмбір күй боп ағасың.
От жайнаған жанары,
Сері елімнің сілеусіндей жаралы
Тағдырының сау-тамтық жоқ тәніне
Сенің даусың дәрмен болып тамады.

Қаршығаның серіппедей серпінді
Жел қанатын серік еткен,
Шешен ойлы, өр тілді
Сенің жырың әр қазақтың қанында
Күрең күй боп шертілді.

Ұлылардың екпіні бар үнінде,
Шежіремнің шоқтығы бар тілінде
Жанашыры жаяудың,
Тілекшісі озаттың
Құлаш ұрған биіктерге бүгінде
Радиосы қазақтың,
Күнмен бірге күлімде!!!

***

Бұрымдылар арасында
бөлек бітім, басқа едім.
Тәңір-шіркін жаратқан-ды
жалғыз етіп баста емін.
Жылы жазды сағынумен
омарталы тілікке
Жем болар ма жас демім.

Маған біткен арманның да
шимай қалың соры бар,
Көзсіз кеме айналып бір жартасқа соғылар,
сірә, мендей бақытты жоқ, сірә, мендей бақытсыз
Дәл өзіңдей жоғы бар.

Бақыт ұзап, ай артынан
қылығы жоқ күн ерсін,
Хаттарымды тұмар етіп
түкпіріңе тігерсің.
Оқылмаған кітаптай ішқұса боп бір күні
Таусылармын, білерсің.

*Бұл бетті әзірлеуге журналистика факультетінің "Мерзімді баспасөз" кафедрасының бір топ дарынды студенттері атсалысты.*

▪ *ИНТЕРВЬЮ*



***Как мы знаем, творческая часть нашей жизни всегда и везде открывала перед нами мир во всей его красе, позволяя нам познать неизведанное, проявить свои способности или просто отдохнуть и не думать о своих проблемах и заботах. Как известно, юмор, неся на себе "бремя" смеха, содержит немало смысла. В этом номере мы представляем вам интервью с капитаном небезызвестной команды КВН "Сырдарьинские крокодилы".***

# СМЕХ - ЭТО ЖИЗНЬ ДЛЯ ВСЕХ

***Қоянбаев Нурлан родился 19 июля 1979 года в Чилийском районе Кзыл-ординской области. До седьмого класса учился в русской школе, потом перевелся в казахскую. По его словам, не успел стать комсомольцем. Участвуя в разных олимпиадах и соревнованиях, стал чемпионом Кзыл-ординской области по баскетболу.***

***Цель – "жить ради жизни". Холост. Хочет иметь много детей. Ныне магистрант юридического факультета КазГУ им. аль-Фараби. Сфера желаемого профессионального роста – политика.***

***Любимая актриса – Николь Кидман. Нравятся все фильмы Эльдара Рязанова. Отдает предпочтение политической и исторической литературе. Любит вкусно поесть и ходить пешком после дождя.***

**- Нурлан, скажите, пожалуйста, что побудило вас участвовать в КВНе, как вы до этого дошли?**

- Я еще в школе любил разные мероприятия, проявлял активность, участвуя в них. В 1996 г. поступил в КазГУ, на исторический факультет. С первого же курса мне захотелось участвовать в КВНе, но туда меня, к сожалению, не приняли. Ну, мы и решили создать свою команду, назвав ее "...рдарьинские крокодилы". Сформировалась она в 1997 г. и вот три года как действует.

**- Как известно, вы участвуете в КВНе как на русском языке, так и на казахском. На каком языке рождаются ваши шутки? И на каком языке вам легче выступать?**

- Вы знаете, когда как. Можно сказать, 50 на 50. Лично мне легко и на том и на том языке.

**- За какой период времени вы можете подготовить новую программу? Допустим, у вас осталось два дня до выступления. Как вы будете двигаться?**

- У нас уже была подобная ситуация, когда нам позвонили, сказали, что завтра выступление, и назвали тему. Мы всю ночь готовили программу и, в конце концов, заняли первое место. А вообще желательно готовить за неделю или за месяц.

**- Что вы думаете о сборной команде КазГЮА, и какие у вас с ними отношения?**

- Что мы о них думаем? Ну, они очень решительные ребята, находчивые. Но в этом году я ничего не отметил бы.

**- Есть ли у вас желание попасть на КВН в Москву?**

- Да, конечно. Каждый кавээнщик хочет продвигаться вперед, так и мы...

**- Участие в КВНе для вас просто хобби или же неотъемлемая часть вашей жизни?**

- Когда я закончил исторический факультет, то думал, что больше не буду участвовать в КВНе, но почему-то до сих пор участвую. Кстати, в ближайшем будущем я собираюсь уйти из КВН.

**- Почему?!**

- Работать надо!

**- Скажите, Нурлан, не бывало ли у вас таких моментов, когда ваше сценическое поведение проявлялось в личной жизни? И вообще, сильно ли отличается Нурлан на сцене от Нурлана в обыденной жизни?**

- Да, отличается. Почему-то люди иногда думают, что кавээнщик всегда должен находиться в шумных компаниях, веселить окружающих. Но в жизни я могу быть вполне серьезным, как все люди.

**- Не могли бы вы вкратце охарактеризовать себя?**

- Я по натуре романтик. По жизни оптимист. Люблю помечтать, увлекаюсь баскетболом.

**- Как вы думаете, каким должен быть человек? Что есть человек успеха в вашем понимании?**

- Я думаю, что человек всегда должен быть целеустремленным, упорным, ответственным и терпеливым. И двигаясь вперед, сознательно достигать своей цели.

**- Какие моменты в вашей жизни запомнились вам больше всего?**

- Больше всего мне запомнился день рождения моей сестры. Дело в том, что день ее рождения 1-го апреля, тогда она училась в школе, а я еще был в садике. Так вот, она пригласила всех своих друзей, и никто из них не пришел, подумав, что это шутка. Потом пришлось ездить и приглашать всех заново.

**- Какой вы видите свою команду через год или два?**

- Наша команда планирует тесно сотрудничать с телевидением и выпускать новые проекты, рассчитанные на широкую публику.

Еще совсем недавно мы выиграли путевку в Астану и думаем туда поехать. Если, конечно, нам выделят достаточную сумму для этого.

**- Очередной сезон лиги КВН завершился. Несмотря на итоги финала кубка Алматы, мы все же думаем, что вы еще в начале пути своего дальнейшего процветания. Мы уверены, что у вас еще все впереди. Будьте всегда так же веселы и жизнерадостны. И все будет хорошо.**

*А мне остается лишь добавить, что все мы должны радоваться жизни, каждому ее моменту. Ведь смех – это жизнь для всех!*

**Толегенова Алия**

# КУРИТЬ ИЛИ НЕ КУРИТЬ? - Вот в чем вопрос!

**СПОР - «Согласимся? Поспорим? Обсудим? Расскажем?»**

***В апрельском номере нашей газеты директор Научной библиотеки КазГУ Е. Абулкаирова предложила открыть новую рубрику, чтобы студенты могли высказывать свои мысли и мнения по поводу различных явлений разнообразной студенческой жизни. Мы решили на своей странице обсудить проблему курения среди студентов. В сегодняшней статье – социологический опрос: только факты и статистика.***

"Курение? На это нет времени!!!"

Знакомая фраза с плакатов, некогда так обильно украшавших улицы Алматы. Однако давайте узнаем, насколько актуальны эти призывы среди студентов КазГУ.

***Никотин*** *(франц. nicotine, по имени французского дипломата Ж. Nicot, который первым ввез в 1560 году табак во Францию) – алкалоид, содержащийся в табаке (до 8%), а также в растениях некоторых других родов. При курении табака никотин проникает с дымом в дыхательные пути и, всасываясь, действует на узлы вегетативной нервной системы и на структуры центральной и периферической нервной системы. В малых дозах никотин действует возбуждающе на нервную систему, в больших дозах вызывает ее паралич. Никотин – один из самых ядовитых алкалоидов: несколько его капель (100-200 мг, т.е. количество, содержащееся в 200 г табака) при введении человеку могут вызвать смерть. Длительное поглощение никотина небольшими дозами при курении вызывает хроническое отравление. Лечебного применения не имеет.*

В опросе участвовало 278 человек, из них 61% девушек и 39% парней. 83% опрошенных девушек не курят, тогда как процент опрошенных некурящих парней на этом фоне резко падает – лишь 49% представителей сильного пола не бегут в перерыве между парами покурить (хотя, если честно, меня эти данные удивили – я считала, что некурящих парней меньше). Простой расчет: у 17% студенток и 51% студентов КазГУ наблюдается стойкая потребность в никотине.

Парням предлагалось ответить на вопрос: "Как Вы относитесь к курящим девушкам?", тот же вопрос задавался и девушкам: "Как Вы относитесь к курящим парням?". И тем, и другим предоставлялись одинаковые варианты ответов:

- "Резко отрицательно!!!"
- "Не нравится"
- "Все равно"
- "Нравится!"
- "Ужасно нравится, когда они курят!!!"

И вот, что мы получили.

*Регулярно курящие девушки:*

От 20% девушек последовал ответ "Резко отрицательно!";

ровно половина заявила, что им, в принципе, все равно;

20% сказали, что им нравится, когда парни курят;

10% с воодушевлением отметили, что им жутко нравятся курящие парни.

Мнение *некурящих девушек* на данный вопрос кардинально отличается от мнения предыдущих:

14% студенток были категоричны: "Резко отрицательно!!!".

21% девушек был более лоялен: "Отрицательно".

у 59% - львиной доли опрошенных некурящих девушек – наблюдалась так называемая реакция "по барабану".

Оставшимся 6%-ам нравятся курящие мужчины.

Мнения же представителей сильного пола лежат вне их личных пристрастий к курению.

*Курящие парни:*

10% опрошенных резко против того, чтобы девушки курили;

50% отнеслись более спокойно, но все же отрицательно;

26%-ам все равно, курит девушка или нет;

5% студентов выбрали вариант "Нравится"

и, наконец, 9% опрошенных – сторонники мнения, что курящая девушка привлекательна.

*Некурящие парни* (не так уж сильно заметно, по сравнению с девушками, разделение мнений. Мужская солидарность?..):

38% отнеслись к данной проблеме "резко отрицательно";

21% опрошенных некурящих студентов КазГУ заявили, что им не нравится, когда девушки курят;

26% остаются безразличны;

10%-ам курящие девушки нравятся,

а 5% парней от них просто без ума.

В опросе приняли участие факультеты ФФиП, МО, ИЭП, мехмат, геофак.

Если Вы не согласны с результатами опроса, то можете просто-напросто разделить точку зрения Марка Твена, некогда сказавшего: "Существует три вида лжи: просто ложь, наглая ложь и статистика", и со спокойной душой перевернуть страничку.

*Пак Ирина*

# ВОИН

***Кто-то рожден художником, другому на роду написано быть музыкантом, а кому-то судьбой уготовлено стать воином. Каждому из нас провидением предначертан свой путь: для одних он устлан розами, для других – тернист и усеян шипами. В начале каждого пути заложено особое предназначение – дар, предоставленный авансом, и ты волен либо бездарно растранжиривать его по пустякам, либо наперекор всем препятствиям упрямо стремиться к цели и достичь ее.***

Своим первым учителем Сабыржан считает своего деда Махмета, преподавшего ему азы воинского искусства. Дед научил внука всему, что, по его мнению, должен уметь настоящий мужчина: метко стрелять из винтовки, метать ножи, плавать, ездить верхом на необъезженной лошади без седла, а также кулачному бою и борьбе. Все школьные годы Сабыржан был дружен со спортом. Вначале занимался борьбой и спринтом. В классе шестом записался в секцию бокса. Успехи способного и настырного ученика не заставили себя долго ждать. В 1979 году Сабыржан стал чемпионом спартакиады СССР по боксу среди школьников.

Когда пришло время служить в армии, Сабыржан оказался в ЦСКА в Москве. Здесь в неполные 20 лет он выполнил норматив мастера спорта международного класса. Десятки побед на внутрисоюзных и международных соревнованиях подтвердили его высокий уровень.Заканчивал службу Сабыржан в секретном центре по подготовке спецназа – был тренером по боксу. Здесь он основательно изучил каратэ и боевое самбо, а затем создал собственную систему рукопашного боя, которую взяли на вооружение спецподразделения КГБ, ВДВ, "Альфа". Его систему изучали во всех военных училищах. До этого в войсках изучали кубинскую систему рукопашного боя, которую заменили махметовской.

Отношение к личности Махметова, как и к любой другой, может быть неоднозначным. Но бесспорно то, что он представляет собой особое явление в казахстанском спорте. Он единственный человек в мире, кто девять раз выигрывал Суперкубок мира по контактным единоборствам. Единственный в бывшем Союзе становился трехкратным абсолютным чемпионом страны по контактному каратэ (история не знала даже двукратного победителя подобных первенств). Махметов – единственный казах, работавший на посту главного тренера сборной Советского Союза.

## КРОВАВЫЙ СПОРТ

Сабыржан Махметов был первым представителем Советского Союза, кому довелось в 1989, 1990 и 1991 годах принимать участие в боях без правил в Таиланде, столь красочно изображенных в фильмах с участием Ван Дамма. Только в отличие от голливудской звезды он реально участвовал в боях, сопряженных со смертельным риском. Эти турниры, проводящиеся раз в несколько месяцев, с призовыми фондами, исчисляемыми миллионами долларов, не рекламируются и практически не афишируются. Случайных бойцов здесь нет – только спортсмены с высоким рейтингом. В этих состязаниях допускается летальный исход – участники в письменной форме снимают ответственность с организаторов в случае подобного развития событий. Каждый из них делает взнос в сумме от 20 до 30-ти тысяч долларов на расходы, в том числе на приобретение гроба для себя и его транспортировку домой в случае печального исхода (конца).

Махметов выступал под боевым именем "Серый волк". В битве за Кубок, обладание которым считается наиболее престижным в мире единоборств, участвуют представители всех стилей, направлений и школ борьбы.

В то время в этих схватках европейцы не участвовали вообще. Лишь в последние годы на них стали появляться файтеры из России и Украины. Порой Сабыржану приходилось выходить на помост до 20-ти раз за день. Практически во всех поединках он становился победителем, укладывая своих визави досрочно.

"На теле человека 1118 точек жизнедеятельности, из них 71 – смертельная, 7 – наиболее уязвимых, - рассказывает мастер. – Нужно беречь сердце и глаза. Во время поединка боец должен руководствоваться не эмоциями, а разумом. Еще дед говорил мне, что добивание хуже смерти. Моя защита была на хорошем уровне. Моим девизом был принцип: пусть я нанесу лишь один удар, но не пропущу ни одного. Не размер собаки делает ее бойцом, а то, сколько бойца в этой собаке".

В финале казахстанец дрался с филиппинцем из Эквадора, который считался фаворитом турнира. Сабыржану не пришлось долго возиться с соперником – он одержал быструю победу, став обладателем солидного призового фонда.

В музее казахстанского спорта в Алматы с тех пор хранится кубок, который "Серый волк" привез из далекого Таиланда.

Махметов твердо убежден в том, что прародиной всех видов единоборств являются наши степи. "Наши предки владели искусством рукопашного боя безупречно, - с жаром рассказывает Сабыржан. – Японцы считают, что каратэ и борьба без оружия берут свое начало в Китае. У китайцев существует притча, несомненно, имеющая реальную историческую основу, о том, что в незапамятные времена в Шаолине жил индус-монах, который основал здесь монастырь, начал обучать своих братьев по вере искусству борьбы, которое он, по его словам, постиг у тюркских воинов, покоривших Индию".



Древнее воинское состязание наших предков – жекпе-жек – служило для подготовки воинов. Сейчас это боевое искусство является достоянием всех казахстанцев.

Недаром тюрки считали своим прародителем волка. "У волка 40 сердец, - говорит Сабыржан. – Его можно уничтожить физически, но сломать его дух невозможно. Даже если с живого волка сдирать шкуру, он не издаст ни звука".

"Семантика слова "казах" означает "вольный воин-рыцарь", - продолжает Сабыржан. – У нашего народа всегда были в почете честь, отвага, благородство и сила...".

Сенека писал: "Мужество есть презрение страха. Оно пренебрегает опасностями, грозящими нам, вызывает их на бой и сокрушает". Сабыржан Махметов из числа тех людей, для которых мужество в порядке вещей, оно просто естественно. Главное в жизни таких людей – честь воина.

***Махмутов Айдос***

■ *ӨНЕР БАҚЫТЫ*

# АБК, "Тамшылар" және мен



*1969 жылы Москваға Бүкілодақтық жас жазушылардың құрылтай жиынына барғанымда Алматыда қалған қызымды сағынып, "Юность" мейманханасындағы жаңбырлы түн" деген өлеңімді жазып қайтқан едім. Дәл сол кездері осы лирикамның тағдыры ерекше болады-ау деп ойламаппын...*

Сол жылдары жаңағы өлеңім газетте, жыр жинағында жарияланды. Жезқазғандық сазгер Ахмедияр Есмұқанов менің өлеңіме музыка жазыпты. Әннің аты "Тамшылар" боп кең таралып кетіпті, одан менің хабарым болмапты. Композиторлармен қоян-қолтық араласпағаннан кейін әлгі әнді сұрастырып іздемеппін де. Бір күні отбасында Жаңа жыл кешін тамашалап, бала-шағаммен теледидардан ән тыңдап отырғанбыз. АБК-нің видеоклипін берді, "Тамшыларды" тамылжытып айтып жатыр. Ұлдарым Арман мен Бағланға қарап: "Тыңдаңдар, мынау өлеңді баяғыда Москваға барғанда маманды сағынып жазған едім", - деймін көкірегімді мақтаныш сезімдері билеп.

- Папа, АБК бұл әнді жиі орындайды, бірақ титрде сіздің аты-жөніңіз жазылмаған ғой, қалай сенеміз? – дейді. Шынында, солай екен-ау деп зайыбым Бөлек Байғожақызына қараймын. Ол да балаларымды қоштайды.

Міне, содан бастап АБК-мен айтысым басталды да кетті. Алматыдағы авторлардың құқын қорғайтын агенттікке бардым. Сіздікі дұрыс деп, жаныма бір жас жігітті қосып берді, ол заңды менен гөрі тереңірек білетін болып шықты. Мәселе Алмалы аудандық сотына жіберілді. Сол екі арада Болмановпен үш-төрт рет кездестік. Астында қарағайдай зымыраған ДЖИП-імен ҚазМУ-ге жетіп келеді де тұрады. Әрі сөйлестік, бері сөйлестік, келісімге баруымыз қиынға соқты. "Тамшылардың" видеоклипі жасалып кеткен, іштен шыққан қу перзент қой, "әкесі" мен едім деп дәлелдегім келеді, ал "шешесін" – Ахмедияр Есмұқановты осы күнге дейін көргенім жоқ еді, ия оның аты, ия менің атым жоқ.

Қыдырәлыны бұдан бұрын телеарналардан, концерт алаңдарынан көріп, тыңдап риза болып жүретінмін. Талантына тәнті ағаларының бірімін. Сөйтіп, ағасы мен інісі "Тамшылардың" тұсында келіспей қалады. Менің де кеңесшілерім бұл мәселеден шегінбеңіз дейді. Сонымен, Алмалы аудандық сотында АБК-мен беттесуге шақырылдық. Біз бардық, ал АБК бір облыс орталығына концерт қоюға кетіпті. Менің талабым: еш нәрсенің керегі жоқ, тек қана титрге Ахмедияр екеуміздің атымыз жазылса деймін, ол байғұстың да не жазығы бар?

"Тамшыларды" мен жаздым деп дәлелдеумен жүргенде "Караванда" бір материал сарт ете қалды. Жүректі ауыртқан жағымсыз хабар еді. "Некий Утеген Куанышбеков оспаривает авторства песни "Тамшылар", который не он написал" деген сөздері жонарқамды қамшыдай тіліп өтті. Авторы есімде қалмапты. Мен де қарап отыра алмадым. Алматының "Жазушы" баспасынан 1989 жылы шыққан "Гүлсана бағы" деген өлеңдер жинағымды алып, 6-бетіндегі "Юность" мейманханасындағы жаңбырлы түн" атты өлеңімді көрсетіп, әлгі "Караванға" қарсы мақала жазып, "Караванның" редакторына апарып бердім. Көп ұзатпай газет редакциясы кешірім сұрап, түзету берді.

"Қайтқан малда қайыр бар" деп жүргенімде Қыдырәлы Болманов қаладағы "АЗиЯ" дейтін ресторанда өткізілетін жүлделі әндер мерекесіне шақырды. Сол кеште АБК-нің үш әншісі – Арғынбаев, Болманов, Көкеевпен бірге мен де қолыма табақтай диплом ұстап қайттым. "Тамшылар" жылдың жүлделі әндерінің қатарына қосылыпты. Мұнда қуанбасаң қайда қуанасың.

Содан бері АБК десе құлағым елең ете қалады. Жігіттердің қадамына сүйсініп, ақ тілеу тілеп отырамын. "Тамшыларды" айдай әлемге танытқан осылар, "Тамшылар" да бұларды танытты. Өткен жылы ҚазМУ-дегі Студенттер сарайына АБК келіп, сүйкімді әндерімен жастардың жүрегін тербетіп кетті. Сонда сахнаға шығып баламдай балапандардың беттерінен сүйіп, таланттарына тағзым еттім. "Мінеки, қымбатты достар, сіздердің алдарыңызда "Тамшылардың" авторы Өтеген аға тұр", - деп Қыдырәлы төбемді көкке жеткізді.

Ән мәтіні оқушылардың өтініштері бойынша "Жас Алашта", "Атамекен" газеттерінде жария етілді, енді ол халықтыкі, жастардыкі болып кете барды. АБК мені, мен АБК-ны мойындадым, тіл таптық, табыстық. Табыстырған "Тамшылар" еді. Бірде АБК от басымызбен бірінші жеке концертіне арнайы шақырды. Бұл бір ғажап әндердің кеші еді. Қазақ эстрадасының жарық үш жұлдызы жұртты тырп еткізбей үш жарым сағат сахнаға қаратып, көз алдырмады. Алақандар әбден қып-қызыл болғанша соғылды, "Жарайсыңдар, жігіттер!", "Браво!" деген сөздер телегей теңіз тілектерге ұласты. Қазақтың Розасы, Нағимасы АБК-ге әндерін арнап, сәт-сапар тіледі. АБК өзге топтардан өзгешелеу көрінді. Сабаздар дайындалған-ақ екен, толқын-толқын ән маржандарын, өнерін төгіп салды.

Оларды әріптес топтары құттықтады. АБК-ге қазақ, орыс жастары ғашық екен. Құдай-ау, қай-қайдағы Американың, Англияның, Италияның поп-жұлдыздарына таң қаламыз. Түбінде солардың бәрінен АБК озады. Сүйіншіңді әзірлей бер. Поптар бір тілде, АБК үш тілде сайрайды. Жұптарың жазылмасын, жарықтарым! Бүкіл Студенттер сарайы "Тамшыларды" АБК-мен бірге айтып, жастар билеп кетті. АБК-ның алғашқы концерті "Тамшылармен" басталып, осы әнмен аяқталды. Алдарына гүлдесте апарып, басымды идім.

"Азия дауысына". Болгариядан келген әнші қыз "Тамшыларды" тамылжыта салып, жұртты таң қалдырып, Болгариясына алып кетті. Өнер адамына бұдан асқан бақыт бар ма!

*Өтеген КҮМІСБАЕВ,*
*ақын, профессор*



■ *ТӨЛ БАСПАМЫЗ ТАРТУЫ*

# ПАРАСАТҚА ҚҰШТАРЛЫҚ




***(Рақымжан Тұрысбек. Ар айнасы/Зерттеу. Ойлар мен толғаныстар. Екі томдық. – Алматы: Қазақ университеті, 1-том, 2000. –400 бет; 2-том, 2001. –250 бет).***

Әдебиетші-ғалым Рақымжан Тұрысбектің кезекті кітабы – "Ар айнасы" (екі том) деп аталады.

Қос томдықтың алғашқы кітабы – "Алаш ардағы" және "Көзқарас" атты өзара үндес, сабақтас бөлімдерден тұрады.

Кітаптың алғы сөзін белгілі қаламгер, ұстаз-ғалым Ж.Дәдебаев жазған. Еңбектің маңыз-мәнін кең көлемде ашқан.

"Алаш ардағы" - қазақтың көрнекті қаламгері, елі үшін күйген – Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі мен шығармашылығын кең көлемде қарастырып, жаңа уақыт талаптары тұрғысынан терең талдап, түйін-тұжырымдар жасайды. Автор Ж.Аймауытұлының шығармашылық ғұмырнамасын әр қырынан қарастырып, ондағы әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді, әдеби-тарихи жағдаяттарды, көркемдік-тілдік, стильдік, поэтикалық жүйелерді бүгінгі көзқарас, талап-тілектер тұрғысынан терең талдап, байыпты зерделейді.

"Көзқарас" – кітап авторының ұлттық сөз өнерінің арғы-бергі тарихын, қазақ әдебиеттану ғылымының түйінді тұстарын, жалпы руханият құндылықтары хақында мәнді ой толғайды. Қазақ әдебиетінің белгілі өкілдері: М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, Х.Сүйіншәлиев т.б. өмірі мен еңбек-мұралары хақындағы ізденіс, зерттеулер де терең талдау, биік талғам, жоғары жауапкершілік сезімімен назар аудартатыны анық аңғарылады.

Кітаптың "Жылдар жемісі" атты бөліміне енген зерттеу, мақалалар ("Рухани нәр", "Тәрбие тағылымдары", "Ақын арманы – азаттық", "Алаштың арыстарын ардақтаған", "Талантымен танылған тұлға", "Сөз бен саз", "Тарих пен таным тоғысы" т.т.) - ұлт тарихын, оның арғы-бергі кезеңдері мен туған жердің тұғырлы тұлғалары хақында кең көлемде сыр толғайды. Дерек пен дәйек көздері мол, ізденіс-зерттеулерден тұратын бұл мақалалар – жаңа көзқарас пен уақыт талаптарына толық жауап береді.

Ал, "Сұхбаттар" бөліміне енген сырлы әңгіме – академик С.Қирабаев, профессорлар М.Мырзахметов пен Х.Сүйіншәлитегімен арада өтеді. Автор белгілі ұстаз-ғалымдардан Адам мен оның еңбегі, қоғам, өмір, тұрмыс, уақыт турасында сыр-сұхбат жүргізеді. Мәдени-рухани құндылықтар хақында ортақ ой қозғайды. Қоғам дамуына, руханият өрісіне көзқарас білдіреді. Қазақ әдебиеттану ғылымының болашақ бағыт-бағдары, оқу-ғылым, тәлім-тәрбие, жалпы руханият туралы емен-жарқын сырласады.

Кітап соңына берілген "Әдеби көрсеткіш" – автордың әр жылдары жазған, жарық көрген мақала, еңбектерінен тұрады. Мұнда жүйелілік, нақтылық айқын аңғарылады.

Ұстаз-ғалым Р.Тұрысбектің "Ар айнасы" – адами-парыздан туған, ел-жерді кие тұтып, ой-сөз жүйесін, өмір мұраты мен тәжірибесін терең танытатын тағылымды туынды.

Кітап қалың көпшілікке, ұлттық сөз өнеріне құштар әдебиетшілерге, мәдениеттанушы мен тарихшыларға, жоғары оқу орындары студенттеріне, магистрлерге, аспиранттарға арналған.

***Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ***

■ *КНИЖНЫЕ НОВИНКИ*

# СОВМЕСТНЫЙ ТРУД

Ким Б., Козыбаев С. ДОБРОЕ ИМЯ НАРОДУ... (хроника "наказанного" народа). –Алматы: "Шартарап", 2001. 240 с.

Авторы – журналист, член Совета регионального Комитета социально-правовой защиты (СПЗ) "Тесен" в Казахстане Борис Ким и известный публицист, академик Академии политических наук РК, доктор исторических наук, профессор Сагымбай Козыбаев рассказывают о том, как зарождался, проходил и проходит в Республике Казахстан процесс политической реабилитации корейцев, о проблемах, связанных с ним, участии в нем регионального Комитета СПЗ "Тесен" и других общественных организаций. Читатели имеют возможность впервые, на основе документальных данных, увидеть реальную картину реабилитации бывших советских, ныне казахстанских корейцев. Главное – желание представить подлинную хронику нелегкой работы в этой области, которая не прекращается и по сей день.




■ *ҚҰЛАҚҚАҒЫС*

**ЖАСЫҢА, КӘРІҢЕ - БӘРІҢЕ!**

ҚазМУ-дің журналистика факультеті мен республикалық "Білім" баспасы Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығына орай "Менің Қазақстаным!" деген тақырыпта оқытушылар мен студенттердің шығармалар жинағын шығаруды ұйғарып отыр. Көк байрақты байтақ еліміздің торқалы тойына тарту етілетін бұл кітапқа проза, поэзия, публицистика және сурет өнерінің туындылары топтастырылмақ.

Келіңіздер, қатысыңыздар! Тәуелсіздік тойы — Сіздің тойыңыз!

Шығармаларыңызды 2001 жылдың шілде айының онына дейін "Баспа ісі және редакциялау" кафедрасына өткізуді жадыңызда ұстаңыз.

Ұйымдастыру комиссиясы.

Байланыс телефоны: 47-19-57 (13-48).

**АВТОРЛЫҚ КЕШ**

Мамыр айының 31-жұлдызында ҚазМУ-дің Студенттер сарайында ақын, журналист, ғалым-ұстаз Алмас Ахметбекұлының ән-өлеңіне арналған шығармашылық кеші өтеді.

Басталу уақыты: 18.30.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, N 1242 куәлік берілген.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактордың міндетін атқарушы-* **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары-* **Нарбинь Кенжеғұлова;**
*Жауапты хатшы-* **Дариға Амангельдиева;**
*Теруші-* **Айтгүл Бабасова;**
*Көркемдеуші -* **Мұрат Шәріпбаев;**
*Фототілші* **Арман Сәрсенбиев;**
*Нөмірдің кезекші редакторы-* **Сәндібек Жұбаниязов.**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Л.С.АХМЕТОВА- *проректор;*
Н.О. ОМАШҰЛЫ- *декан;*
Б.Ө.ЖАҚЫП- *кафедра меңгерушісі;*
Г.В. ВИНОКУРОВ - *"Парасат" кәсіподақ ұйымының төрағасы;*
Е. Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - *ғылыми кітапхана директоры;*
Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ - *кафедра меңгерушісі;*
А. Б. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - *жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы;*
Н.С. БАЙЫМБЕТОВ - *студенттер Сенатының төрағасы;*
А. ЕЛІБАЕВА - *студенттердің "Сұңқар" кәсіподақ ұйымының төрага орынбасары.*

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

**480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1000 бөлме.**

*Нөмір Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасында 28.05.2001 ж. басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
N 175 тапсырыс.

**Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.**